

«№7ЖОББМ»КММ-нің «Бала құқығы – адам құқығы» Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар жайлы АҚПАРАТ

«№7ЖОББМ»КММ-нің «Бала құқығы – адам құқығы» Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне арналған іс-шаралар онлайн түрінде өтті. Оқушылардың құқықтық мәдениетін, Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясымен 1989 жылғы 20 қарашада қабылданған Бала құқықтары туралы БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелері туралы білім деңгейлерін арттыру, балалардың заң талаптарын бұзбай, өзіне жүктелген міндеттерді орындай білуге үйрету мақсатында 8-11сыныптарда онлайн ZOOM платформасы арқылы сағаттары, бастауыш сыныптарда онлайн сынып сағаттары, бейнебаян көрсетілімдері, ата-ана жиналысы өткізілді.

20,27 қазанда және 3,10,17-қараша әр сынып жетекші ата-ана жиналысын өткізді. Көпбалалы ата-аналармен проблемалық сұрақтар бойынша онлайн жиналыстар өтті.


2 «А» сынып жетекшісі Шотыбасова Л. «Балалық шақты бірге қорғайық!» атты тәрбие сағатын ватсап желісі арқылы өткізді. 3Б сынып жетекшісі Нарбаева А «Бала құқығы туралы конвенция», «Бақытты балалық шақ» атты ZOOM платформасымен тәрбие сағаттары өткізілді

Қараша айының 12-13 күндері аралығында «Бала құқығы- адам құқығы» атты Республикалық онкүндіктің өткізілуіне орай мектеп кітапханасында кітап көрмесі жасалды. Көрмеге «Қазақстан Республикасының Конституциясы», «Мен-Қазақстан азаматымын», «Азаматтық құқық», «жасөспірім және заң» және т.б. әдебиеттер мен БАҚ-нан, интернет желісінен алынған ақпараттар қойылды.

«Үшқыр ой алаңы» жобасы аясында 6.11.2020 жылы «Балалық шақты бірге қорғайық» тақырыбына арналған 9-сыныптар арасында дебаттық ойын өткізілді. Қазақ тілі пәні мұғалімі Кузембаева Т.К оқушыларға дебат ойынының ережесін түсіндіріп, командаларды таныстырды. Даттаушы команда «Парасат», жақтаушы команда «Зияткер» деп аталып, өз кейстерімен таныстырды. Дебатта БҰҰ Конвенциясының негізгі ережелері, құқықтың мәні туралы талас-тартыс қызықты өтті. Оқушылар заң талаптарын бұзбай, өзіне жүктелген міндеттерді орындай алды.

«Бақытты бала – бақытты ана – бақытты отбасы-бақытты ел» тақырыбына арналған кездесуді 5 «А» сынып жетекші Хафизова А.Ш. ата-аналармен және оқушылармен ZOOM платформасы арқылы кездесу-сұхбат өткізді.

Мектеп психологі 8-11 оқушылармен ZOOM платформасы арқылы сауалнама өткізді.



«Бала құқығы туралы халықаралық конвенция»

- Мемлекет әрбір баланың аман-сау өсіп, жаң-жастаны қамтамасыз етеді.
- Бала өмірге келе салысымен тіркеуге алынады және азаматтық алуға құқылы.
- Әрбір бала өз отбасында ата-анасымен бірге өмір сүреді.
- Бала оқу орында қиын болғанда да оны ешкім ұрып келмейтін қорлауға құқығы жоқ.
- Бала тынығуға және мәдени демалуға құқылы.
- Әрбір баланың ой-шікір, ар-ождан және дін еркіндігі қорғалады.
- Бала өз қалаған спорт түрімен шұғылдануға құқылы.
- Бала денсаулығын сақтауға, емделуге құқылы.




Зорлық -зомбылықтың түрлері:

- Психологиялық (эмоциялық) кемсітушілік
- Физикалық \ зорлық-зомбылық
- Бопсалау
- Кибербуллинг
- Кемсітушілік



Бақыты Балалық шақ





Орындаған: Жекенова А.Ж.